

***Тәуелсіздік түскен жоқ қой аспаннан,  
Тарихы оның тым әріден басталған.  
Бодандықтан құтқарам деп елімді,  
Талай боздақ қара жерді жастанған.***

- ❖ 8,5 мың адам ұсталып, қала сыртыны әкетілді.
- ❖ 99 адам айыпталып, бас бостандығынан айырылды. (46 сы кейін ақталды.)
- ❖ 2 адам ату жазасына кесілді.
- ❖ 83 адам 1,5 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылды.
- ❖ 52 адам партия қатарынан шығарылды.
- ❖ 787 адам комсомол қатарынан шығарылды.
- ❖ 1138 адам комсомолдық сөгіс алды.
- ❖ 12 ректор қызметінен босатылды.
- ❖ 271 студент оқудан шығарылды.
- ❖ 1720 адам жарақат алды.
- ❖ 1200 адам ІІМ шығарылды.



1987 жылы шілдеде КОКП  
Орталық Комитеті желтоқсан  
оқиғасын “Қазақ ұлтшылдығының  
көрінісі” деп бағалады. КСРО ның  
барлық ақпарат құралдары бұл  
оқиғаны “маскүнемдер мен  
нашақорлардың бұзақылық,  
ұлтшылдық арандату әрекеттері”  
деп түсіндірді.




□ 1989 жылы **М.Шаханов** желтоқсан оқиғасын зерттеу үшін арнайы комиссия құрды.


□ 1991 жылы желтоқсанда “1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау жөнінде”

Назарбаевтың жарлығы шықты.

□ 17 желтоқсан **Демократиялық жаңару күні** деп жарияланды.



Қайрат



Ербол

Желтоқсан құрбандарын  
еске алайық



Ләззат



Сәбира






Қайраттың  
оқушы кезі



Қайраттың әкесі мен  
анасы



Қайраттың  
анасы



Қайраттың  
әскердегі  
кезі

Қ.Рысқұлбеков 1966жылы Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Көктерек ауылында дүниеге келген.

Әкесі Ноғайбай ақсақал сиыр фермасында зоотехник болып, анасы Дәметкен сауыншы болып жұмыс істеген. Отбасында 5 ұл, 3 қыз болып тәрбиеленген. Қайрат мойынқұм ауданы Көктерек ауылындағы сол кезде С.М Киров қазіргі Қ.Рысқұлбеков атындағы орта мектепті тамамдап, институтқа құжат тапсырған, оған өте алмаған. Сосын әскерге алынды. Сібірдегі Амур облысында танк бөлімшесінде қызмет етті. Сол жақта оларды Ауғанстанға да жібермек болған екен, бірақ әлдебір себептермен қалып қойыпты. Әскери қызметті атқарып келіп, 1986 жылдың күзінде Алматыдағы Сәулет-құрылыс институтына оқуға түсті. Қайраттың бойында ұлттық намыс алаулап тұратын.





1986 жылы 17 желтоқсанда Алматыдағы барлық жатақханадағы студенттер қолдарында Лениннің портреті орталық алаңға шықты. Кешке дейін алаңда 20мыңдай адам жиналған. Ресей, Грузия, Тәжікстаннан әскер әкелініпті. Алаңдағы хылықты таратуға кешке дейін мінбеге біраз адам шығып, тарау керектігін айтып, әйтпесе күш көрсетілетінін ескерткен. "Араларыңнан біреу шығып, айтатын талаптарыңды қойыңдар, сосын тараңдар", - деген. Мінбеге шыққандарды келсек, тас лақтырып қуып жіберіп отырған. Алаңдағылардың арасынан төрт адам шыққан. Соның бірі Ахметова деген қыз: " Біз ештеңені ойдан шығарған жоқпыз. Лениннің өзі жазған функция орындалса, соның өзі бізге жетіп жатыр. Басқа ештеңе керек емес. Онсыз да төрт облысымызды орыстар басқарып отыр. Енді сол жетпегендей, республика басына да бір орысты әкеліп қоймақшы. Онысымен қоймай, Қазақстанда мүлде болмаған орыс. Өзімізден қоятын адам жоқ па? Қазақты басқаратын бір азаматтың шықпағаны ма?" -деп өте сауатты сөйлеген. Оларды ІІМ-нің адамдары сөйлеп тұрған күйінде сүйреп әкетті. " Жіберіңдер" деп жастар алға қарай ұмтылды. Төбелес осыдан басталды. Арасында КГБ-нің адамдары суретке, видеоға түсіріп жүрген. Құлап бірін-бірі ұрып жатқан ел, кейбіреулерін машинаға салып әкетіп жатқан. Келесі күні Қайрат Мойынқұмға кетіп қалған. Түсірілген сурет бойынша іздеп РОВД-ның адамдары Қайратты тауып, қамауға алады. Содан тергеу жұмыстары жүргізіліп жатты. Қайраттың мойнына Желтоқсан оқиғасы кезінде қайтыс болған телеорталықтың инженері Савицкийдің өлімін жүктеді. Расында оны өлтірген Қайрат емес еді, ол өзі істеген қылмыстарын мойындады, бірақ адам өлтірмегенін айтты. Сот екі жылға созылып, нәтижесінде ату жазасы кесілген. Кейін жазасы жеңілдетіліп, 20 жылға бас бостандығынан айыру үкімі бекітілген.

Қайраттың сотында саясаттанушы Дос Көшімов тілмаш қызметін атқарған. Сол кезде сот залында Қайрат "ақтық сөзін" айтады.

## Соттан соң анасына жазған хатында былай деген екен:

*”Міне, өздеріңіз естігендей “ату жазасын” 20 жылға ауыстырды. Бұл әрине, біреуге қуаныш, біреуге жұбаныш, ал біреуге азап. Бұл үшін өз басым еш қуанғаным жоқ. Асыл анашым! Өйткені мен бұл тас зынданда жазықсыздан-жазықсыз еш отырғым келмейді, қайғы-қасіреттен жүйке тамырым әбден жұқарды, әбден шаршадым. Сол себепті өз-өзімді жазықсыз 20 жыл қинағым келмейді, азап шеккім келмейді және сізді қинап, азаптағым келмейді. Менсіз де, асыл анашым-ай, тағдырдың тауқыметін көп көрдіңіз ғой. Басыңызға 20 жыл бойы торлаған, сізге уайым-қайғы болмайын. Ардақты анашым! Бар жеткен жерім осы. Аяғыңызға жығылайын! Ақ сүтіңізді ақтай алмай көз жұмып бара жатқаным үшін сорлы балаңызды кешіріңіз! Ерте ме, кеш пе нағыз адам өлтіруші қылмыскерлер әлі-ақ табылады. Бұл ақиқат.*

*Қош болыңдар! Қош бол, жарық дүние!*

*Бар бақытымды о дүниеден табармын.*

*Сағынышты сәлеммен балаңыз Қайрат” деп аяқтапты.*





## Қайсар ұлдың жан сыры

**Бұл дүниедегі ең зор бақыт – еркіндік екен ғой, кім білген. Адамның бостандықтағы бір күні қапастағы бар ғұмырдан әлдеқайда қымбат екенін енді білгендеймін. Осы түрмедегі біздің күнімізді адам түгіл, итіңе бермесін.**

**Арман құдың ба, алдыңа қара, артыңа алаң болма! Өмірдің өткелін іздеп таптың ба, жүрексіңбе, көзді жұм да қойып кет, белді шеш те, кешіп өт.**

Қайрат – 7-сынып оқушысы






Қайратқа «Халық Қаһарманы» атағын беру салтанаты. 1996 жылы

Қайрат – 7-сынып оқушысы


Қайрат сөйтіп 1988 жылы түрмеде белгісіз жағдайда көз жұмды. 1992 жылы Қайрат Рысқұлбеков ақталады. Сол жылы Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Көктерек ауылында желтоқсан қаһарманы Қайраттың ескерткіші орнатылды. 1996 жылы “Халық қаһарманы” атағы берілді.

Тәуелсіздігіміз үшін мерт болған батыр ұланын мақтаныш тұтқан туған халқы да оның ерлігін мәңгілік қастерлеп өтуді парыз санап, мектептер мен көшелерге, мәуелі гүлзар бақтарға Қайраттың есімін беруде.



«Құдасың қурай да сын  
Жармаған жер  
«Ұлымдыстар  
жағасанасы  
рас. Алаңда  
милиция сү  
рас. Соны к  
ұрды. Оны  
сол оған қай  
милиционері  
Қайрат Алма  
Оның аң  
есті  
Тер  
Б  
У  
Г  
2  
і  
кор

Жамбыл облысы,  
Мойынқұм ауданы,  
Көктерек ауылында  
Қайраттың ескерткіші



**Күнәдан таза басым бар,  
Жиырма бірде жасым бар.  
Қасқалдақтай қаным бар,  
Бозторғайдай жаным бар,  
Алам десен алындар,  
Қайрат деген атым бар,  
Қазақ деген затым бар,  
«Еркек тоқты – құрбандық»  
Атам десең атындар,  
Мен не етермін, не етермін,  
Мен келмеске кетермін,  
Көре де алмай өтермін  
Қош аман бол артымда  
Ағайын, қалған ата-анам,  
Ел жұртым саған аманат!**



**Ерболдың  
әскердегі кезі**



**Ербол 1-жаста**

Ербол Сыпатаев Мұқажанұлы 1964 жылы дүниеге келген. Отбасының тұңғышы болатын. Мектепті озат аяқтап, Алматы политехникалық институтына оқуға қабылданады. Желтоқсан оқиғасы кезінде Ербол 2 курс студенті болатын. Оқуға кезінде Ербол Сыпатаев алаңда қанға боялып, әбден соққы алып, ел намысы жолында құрбан болды. 1986 жылы 24 желтоқсанда отбасына Ерболдың қайтыс болғандығы жайлы және сүйегін әкеле жатырғандығын хабарлаған. Сүйегін қарағанда көздерінің алды көгерген, шүйдесі ойылған, ішін жарып қайта тіккендігі байқалған. Мүрдесін әкелген МҚК қызметкерлері: "Ертен түске дейін тездетіп жерлеңдер, егер анау-мынау шатақ шығарсаңдар, түп-тұяқтарыңмен қоса жер аударамыз", - деп сес көрсеткен. Осылайша Ерболды жер қойнына тапсырып, жоқтау айтып қала берген. Бұл азапқа шыдамай, жүректері сыздап ата-анасы көп ұзамай өмірден өтті.

**1991 жылы “Еңбекші” ауылына мектеп салынып, “Ербол Сыпатаев” атағы берілген. Ербол есімін есте қалдыру мақсатында музей ашылған, онда Ерболдың сырт киімі, отырған партасы, ер-тоқымы, өзінің радиосы, сабақ оқығандағы үстел шамы, әскердегі фотоальбомы - бәрі сонда сақтаулы тұр.**

**2008 жылы орталық алаңға ел намысы жолында өз өмірлерін құрбан еткен хас батырлар – Ербол мен Ләззаттың ескерткіштері орнатылды.**



**досы Бақытпен бірге**

*Ербол жүргізушілік курсына оқып жүрген кезі.  
Досы Бақыт Арыстанбаевпен*

изді шығарып беретін. Әскерден келген соң, Алматы энергетика институтында оқыды. Ербол 2-курста жүргенде мен де сол гутка оқуға түстім. Екеуміз жатақханада бірге тұрдық. қызықты бастан өткердік... Бір күні азық-түлігіміз, бітіп қалыпты. Қарнымыз аш. Көрші жігіттерге барсақ, ың да жағдайлары мәз емес. Не істерімізді білмей

шыкпайтын. Ол кейбір студенттер секілді оқудан қашып, бұ жасаған емес-ті... Алайда, Желтоқсан оқиғасы кезінде Ерб сыз сокқыға жығылып, каза болды. Оны «есірткіге са соның әсерінен өлді» деп те әңгіме қылды. Бұл – нағь еді. Бала күннен бірге өскен Ерболды менен артық кім ол есірткінің тіпті не екенімен де шаруасы жоқ-тұғын...



**Ерболдың бейіті**



**Ербол мен Ләззаттың ескерткіші**





Желтоқсан құрбаны Ләззат Асанова 1970 жылы 27 шілдеде Талдықорған облысы Панфилов ауданы Айдарлы ауылында туған. 1977 жылы Жамбыл орта мектебіне 1-сыныпқа барады. Сөйтіп, 8-сыныпты аяқтап, Алматыдағы Чайковский атындағы музыка училищесіне оқуға түседі. Жастайынан өнерге бейім болатын.

Ләззат 1  
сыныпта



Ләззаттың студенттік кезі



Ләззаттың анасы







ЕРБОЛ СЫПАТАЕВ  
ЛӘЗЗАТ АСАНОВА

Ләззат Желтоқсан оқиғасы кезінде намысшылдық, қайсарлық жолында алаңда көз жұмады. Суық хабар отбасына 1986 жылдың 24 желтоқсанында жетеді.

МҚК қызметкерлері “бесінші қабаттан секіріп өлді” деген жалған ақпармен, Ләззаттың мәйітін алып келген. Жерлеу кезінде қарағанда тұла бойы сап-сау, шүйдесі ғана ойылған болған. Баласының өлімі отбасына үлкен қасірет болды.

1991 жылы М.Шахановтың Желтоқсан көтерілісінің 5 жылдығын атап өту шарасы өткен. Сонда Желтоқсан құрбандарының кінәсіз екені анықталды.

Ләззатқа арналған “Қаһарман қыз – Ләззат қыз” деген ән шықты. 2006 жылы “Ақжазық” ауылындағы “Жамбыл” мектебінде Ләззаттың атына музей ашылды.



Анасы Ләззаттың  
бейітінің басында





**Сəбира Мұхамеджанова 1985 жылы мектепті үздік бітіріп, Өскемен қаласындағы педучелищеге оқуға түскен. Желтоқсан оқиғасы кезінде 2 курста оқитын студент болған. 22 желтоқсан күні сабаққа бармай, ЦУМ-ға барыпты, ол жерден Алматыдағы жағдайды естуге барады. 1986 жылғы желтоқсан толқыны Өскемен қаласында жастардың қозғалысына әсер еткені шындық. Сынып жетекшісі Сəбираның ата-анасын шақыртып, жиналысқа салады. Сабира ашу- ызаға булығып, терезеден секіріп өледі.**

**Тек құрбан болғандар осы ғана емес, қаншама жастар із-түссіз жоғалып, қаншама адамдар қан төкті десеңізші!**






Міне, халқымыз осындай қиын-қыстау кезеңді басынан өткізіп, Тәуелсіздікке қол жекіздік. Қазақстан Жоғарғы кеңесі 1991 жылдың 16-желтоқсанында Қазақстанды Тәуелсіз Республика деп жариялады. Екі жүз жылдай патшалық Ресейдің отары, жетпіс жылдан астам кеңес өкіметінің бұғауында болған Қазақстан егеменді ел болды. Қазақстан Республикасының тұңғыш елбасы – Назарбаев болды. Еліміздің рәміздері өмірге келді.

Президент Назарбаев 1992 жылғы 4 маусым күні “ҚР-ның Мемлекеттік туы туралы”, “ҚР-ның Мемлекеттік елтаңбасы туралы”, “ҚР-ның Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы туралы” тарихи заңдарға қол қойды. 6 маусым күні астанадағы Абай ғимаратында тәуелсіз еліміздің тұңғыш мемлекеттік рәміздерінің тұсаукесер салтанаты өтіп, сол күні Президент сарайы мен Парламент үйінің төбесіне көк Ту көтерілді.





Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,  
Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы,  
Өздеріндей өр намысты жас өркені бар елдің,  
Ешқашан да еңкеуіге тиіс емес жалауы.